



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 01/437

08 января 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С РОЖДЕСТВОМ

Глава государства Нурсултан Назарбаев поздравил православных христиан и всех соотечественников с Рождеством, сообщает NUR.KZ со ссылкой на пресс-службу Акорды.



«Дорогие соотечественники!

Поздравляю православных христиан нашей страны и всех казахстанцев с праздником

Рождества! Этот праздник несет в себе Свет веры, надежды и любви, объединяет людей вокруг традиционных духовно-нравственных ценностей. Рождество наполняет сердца верующих особой радостью, счастьем и чистыми помыслами», — отметил президент.

Лидер страны также добавил, что это время взаимопонимания и милосердия, заботы о ближних и искреннего внимания к тем, кто нуждается в помощи.

«Вместе с представителями всех конфессий православные христиане вносят весомый вклад в укрепление межконфессионального согласия, стабильности и единства в казахстанском обществе. В светлый праздник Рождества от всего сердца желаю всем крепкого здоровья, счастья, достатка и благополучия!», — сказал Н. Назарбаев.

источник: www.nur.kz

С ПРАЗДНИКОМ РОЖДЕСТВА ХРИСТОВА!

Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді – Христос Рождествосымен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке айналадағыларға құрмет пен сүйіспеншілікті, риясыздықты насихаттайды, осы жолдағылардың жүрегін мейірім шуағына бөлеп, болашаққа деген нық сенімді нығайтады. Төзімділік пен бірлікті әлемдік қоғамдастықта үлгі ұстайтын. Қазақстанда тұратын әр түрлі ұлттар мен діни наным өкілдері үшін Рождество үйлесім мен өзара түсіністікті бейнелейді.

Сіздерге мықты денсаулық, қуаныш, барлық ойлаған армандарыңыздың орындалуын, бейбітшілік пен келісім, үкен үміттер мен асқақ белестер тілейміз. Сіздердің әрбір істеріңіз бен ниеттеріңіз таза, әрі сәтті болсын.

Құрметпен;

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые жители города!

Сердечно и искренне поздравляем Вас с великим и светлым праздником — Рождеством Христовым! Пусть этот прекрасный праздник заглянет в каждый дом, пусть каждого из вас Бог хранит и днём и ночью, пусть ангел будет всегда рядом, а вера не покинет никогда! Желаем всем светлых и добрых мыслей, хороших и правильных поступков, много терпения, безграничного счастья во всём, крепкого и вечного здоровья, успехов и удачи в каждом задуманном деле, благополучия и достатка!

С уважением;

Аким города
Секретарь маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

ТЕСТІЛЕУДІҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті хабарлайды:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заңы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілуіне сәйкес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға үміткерлерді тестілеу жаңа бағдарлама бойынша өткізіледі. Осыған орай, «Мемлекеттік қыз-

меттің персоналын басқару ұлттық орталығы» АҚ ақпаратына сәйкес, 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін шекті мәннен төмен нәтиже алған азаматтар, үш айлық мерзімді күтпестен тестілеуден өтулеріне болады.

Сонымен қатар, 2015 жылы алынған сертификаттар тестілеу тапсыру уақытынан бастап бір жылға, яғни 2016 жыл аралығында жарамды екендігін хабарлаймыз.

РЕАЛИЗАЦИЯ ПЯТИ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ РЕФОРМ

02 января 2016 года в Астане прошло Сопровождение по вопросу реализации Пяти институциональных реформ, сообщает пресс-служба Акорды.

В совещании приняли участие Премьер-Министр К.Масимов, Руководитель Администрации Президента Н.Нигматулин и заместитель Руководителя Администрации Президента

сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул важность своевременной и эффективной реализации реформ.

Совершенствование государственной службы необходимо проводить как в центре, так и на местах. В рамках обеспечения верховенства закона сама судебная система должна быть инициатором преобразований. Кроме того,



Б.Майлыбаев.

Глава государства отметил, что наша страна завершила прошедший год с положительными экономическими показателями, несмотря на непростые условия на мировых рынках.

Мы подошли к самому сложному этапу - начинается реализация Пяти институциональных реформ. Прделана большая подготовительная работа, приняты соответствующие документы. Необходимо, чтобы Администрация Президента, Правительство, каждое министерство и акимат приняли участие в практическом выполнении поставленных задач. Национальная комиссия по модернизации продолжает свою деятельность, будет отчитываться передо мной и обеспечивать недопущение каких-либо послаблений по всем направлениям, -

планируется принятие Патриотического акта, в котором будут определены ключевые направления дальнейшей деятельности по укреплению единства народа, толерантности и доверия. Также в соответствии с задачей формирования подотчетного государства исполнительная власть всех уровней на регулярной основе должна отчитываться перед населением. В целом, за результаты персональную ответственность несут руководители. При этом недопустима имитация реформ. Те, кто станет препятствовать реализации преобразований, будут отстранены от должностей, - сказал Глава государства.

По итогам встречи Президент Казахстана дал ряд конкретных поручений.

источник: www.akorda.kz

НОВЫЕ ПРАВИЛА ТЕСТИРОВАНИЯ

Департамент Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Карагандинской области сообщает:

1 января 2016 года вводится в действие новый Закон «О государственной службе Республики Казахстан» и тестирование кандидатов на занятие административных государственных должностей будет проводиться по новым программам.

В связи с этим, согласно информации АО «Национальный центр

по управлению персоналом государственной службы» граждане, получившие результаты тестирования ниже пороговых значений, с 1 января 2016 года могут участвовать в тестировании, не ожидая трех месяцев со дня прохождения предыдущего тестирования.

Вместе с тем, сообщаем, что сертификаты, полученные в 2015 году, действительны в течение 2016 года с момента сдачи тестирования.

БАЛАЛАРҒА ЖАҢАЖЫЛДЫҚ БАЗАРЛЫҚ

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Өткен жылдың 28-желтоқсанында Приозерск қаласындағы балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған, сондай-ақ, көп балалы отбасылардың балаларына арналған қала әкімінің Жаңа жылдық шыршасы болып өтті.



Әдеттегіше, қаламыздағы балалар үшін ең маңызды, ең қызық күндер нағыз осы шақ, өйткені барлық білім ошақтары мекемелерінде мерекелік ертеңгіліктер өтіп, бүлдіршіндер Аяз ата мен Қарша қызды қарсы алып, олармен жасыл желекке оранған шыршаны айналып ән салып, би билеп мәресі болады.

Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығының концерт залында ине шаншар орын болмады. Ақ ұлпа қар жамылған шыршалардың сұлбасы қойылып, қабырғаларға жаңа жыл сәні - түрлі жарқырауықтар ілініп, сахна да әдемі безендірілген екен. Мерекелік шараға арнайы тігілген киімдерін киіп,



қатысқан бүлдіршіндер де көрер көзді қуантады. Мерекелік кеш балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының мұғалімдері әзірлеген «Қар патшайымы» атты жаңа жылдық ертегі қойылымымен ашылды. Театрландырылған қойылымнан кейін қаламыздың әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлы барлық жиналған ата-аналар мен балаларды келе жатқан Жаңа 2016 мешін жылымен құттық-тап, өзінің жылы лебізін білдірді.

Мерекенің екінші бөлімі жаңажылдық шырша орналасқан үлкен залда жалғасын тапты. Көптен күткен шырша мерекесіне ертегі кейіпкерлері де келген екен. Кештің көркін ашып, балаларды қуаныш пен шаттыққа бөлеген жасыл шырша жанында балалар ән салып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салып жатты. Мереке соңында балаларға тәтті сыйлықтар, түрлі дамытушы ойындар табыс етілді. Жүздері жайнаған балалар көтеріңкі көңіл күйде тарқасып жатты.

Б. Алшынбекұлы

ЖАҢА ЖЫЛЫМ, ҚОШ КЕЛДІҢ!

2015 жылдың 24 желтоқсанында «Балақай» бөбекжайының ортаңғы «Жұлдыз» тобының тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен Жаңа жыл мерекесіне арналған «Жаңа жыл, қош келдің!» атты ертеңгілік

тәртіпті, инабатты ұстауға тәрбиелеу болатын.

Жаңа жыл мерекесіне қонаққа Аяз ата, Ақшақар, орман аңдары: Қоян, Аю, Түлкі, ертегі кейіпкерлері: Мыстан кемпір мен оның үйшігі, кіріп келген жаңа жылмыз Мешін қатысты. Балалар кейіпкерлермен бірге ән айтып, би билеп, ойын ойнады. Мереке соңында Аяз ата балаларға әкелген сыйлықтарын үлестірді. Ертеңгілік өте қызықты әрі тартымды өтіп, ата-аналар өз ризашылықтарын білдірді.

А. Месерова,
А. Жубантаева,
«Балақай» бөбекжайының
тәрбиешілері



өткізілді. Ертеңгілікке көрермен ретінде бүлдіршіндеріміздің ата-аналары қатысты. Ертеңгілікті өткізудегі мақсатымыз: Балаларға «Жаңа жыл» мерекесін дәстүрлі емес жолмен мерекені өткізуге үйрету. Жаңа жыл туралы тақпақтарды айтқыза отырып, қыс туралы білімдерін тиянақтау. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, ой өрістерін кеңейту. Ұқыптылыққа, тазалыққа, жауапкершілікке, көпшілік ортада



ПОДАРОК ДЕТЯМ НА НОВЫЙ ГОД

ПРОШЛА ЁЛКА АКИМА ГОРОДА



28 декабря 2015 года в центре детско-юношеского творчества «Достық» прошла новогодняя елка акима города Приозерск.

На праздничное мероприятие были приглашены около 200 детей из многодетных и малообеспеченных семей, а также отличники школ.

Новогоднее торжество открыл поздравительной речью аким города Кайрат Камзин.

Он поздравил детей с наступающим Новым годом и пожелал им здоровья, добра и счастья.

Свои поздравления и пожелания на Новый 2016 год также высказали представитель партии «Нұр Отан», руководитель отдела образования, методисты, директора школ и учителя.

Началась Новогодняя елка с развлекательной театрализованной программы. С

большим восторгом дети встретили Деда Мороза и Снегурочку. Поиграли и участвовали в различных веселых конкурсах вместе с другими сказочными персонажами, прочитали стихи.

Театрализованное представление и долгожданные подарки создали для детей



незабываемую праздничную атмосферу добра и душевного тепла.

Пресс-служба
акима города Приозерск

БҮЛДІРШІНДЕР ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚУАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Жаңа жыл бүлдіршіндер үшін ерекше асыға күтетін ең көңілді әрі ең қызықты мереке. «Балбөбек» бөбекжайы бұл шаттықты шараға ерекше дайындалды. Балабақша іші жаңа жыл мерекесіне сай әзірленіп, биік те әдемі үлкен шырша құрылды. Мұны айнала қызықтап қарап жүрген балалар бір сәт ертегі әлеміне саяхат

шаға балаларлардың көптен күткен жаңа жыл мерекесінің басты кейіпкерлері Аяз ата мен Ақшақар келіп, шырша шамдарын жақты. Бүлдіршіндер жасыл шыршаны айнала би билеп, ән айтып, өздерінің де дайындаған өнерлерін ортаға салды. Әсем ән мен әдемі биге қосылған балалар нағыз бақытты шақты бастан өткізді.



жасап жүргендей болды. Бал тілді бүлдіршіндердің алабұртқан балғын жүздерінен өздеріне жарасымды болған әдемі киімдері тіптен ерекшеленіп тұрды. Олар мультфильм және ертегі кейіпкерлерін сомдаған өнерпаздардың өнерлерін қызыға тамашалады. Мерекелік шыр-

Мереке соңында Аяз ата әрбір балаға арнайы дайындалған жаңа жылдық сыйлықтарын табыстады. Осылайша балалар жаңа жылдық шырша мерекесінде әдемі әсерге бөленді.

Р.Б.Касымова,
«Балбөбек» бөбекжайының әдіскері

ЖАЛА ҮШІН СОТТАЛДЫ

Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті жала жабу фактісін әшкереледі Ахметовтің ісі бойынша сотталған адамның туған ағасы «Қаржы полициясы қызметкерлерінің ашық үндеуі» деп аталатын хатты ұйымдастырғанын мойындап, жоғары лауазымды шенеунікке жала жаққаны үшін кешірім сұрады.

Кеше Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық сотында «Қаржы полициясы қызметкерлерінің ашық үндеуі» деп аталатын хатты таратқаны үшін айыпталған Дәулет Сәрсенбаевқа қатысты сот отырысы өтті. Айыпкер – Серік Ахметовтің ісі бойынша сотталғандардың бірінің ағасы.

Естеріңізге сала кетейік, биылғы жылдың күзінде әлеуметтік желілерде Ахметовтің ісін тергеп жатқан тергеу тобының бірнеше қызметкері тергеу кезінде жалған әрекеттерге жол берілгенін мойындап отыр деген мазмұндағы «Үндеу» таратылған болатын. Мұны былай қойғанда, осы хатты ұйымдастырушылар бірқатар жоғары лауазымды шенеуніктерді, оның ішінде, Нығматулиндер әулетін тілге тиек етеді.

Хат жалған болып шықты – Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің қызметкерлері біршама техникалық сараптамалар жүргізу нәтижесінде арандатушылық әрекетінің дәрменсіздігін толық дәлелдеді.

Тергеу нені көрсетті? Біріншіден, арнайы қызмет қызметкерлері бірнеше заттай айғақтамаларды, оның ішінде, айыпкердің компьютерін тәркіледі. Компьютерден жалған хат таратылғаннан кезден анағұрлым ертерек жазылған «Үндеудің» түпнұсқасы табылды. Екіншіден, 50-ден аса куәгерден жауап алынды. Олардың берген мәлімет-деректерінің негізінде Сәрсенбаевтың жал-

ған хатты дайындауға қатыстылығы нақтыланды.

Бірнеше мәрте өткізілген бетпе-бет жүзде-сулерден кейін және заттай айғақтамалардан бұлтара алмай-тынын түсінген айыпкер өз кінәсін мойындады.

–Мен істеген ісім үшін кінәлімін. Тергеу тобынан, Қожамжаровтан және Нығматулиндер әулетінен кешірім сұраймын, – деп мәлімдеді айыпкер.

Оның айтуынша, Ахметовтің ісі бойынша сот жүріп жатқан кезде ол өзінің інісі – Бауыржан Әбдішевке көмектесу тәсілдерін іздестірген. Сосын ең тиімді жол – БАҚ-та және әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір тудырып, сот шешіміне ықпал ете алатындай ақпарат орналастыру деп шешім қабылдаған.

Міне, осылайша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық бюро төрағасы Қайрат Пернешұлы Қожамжаров пен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулиннің атына айтылған кінә тағулар ұйымдастырылған түрдегі жала жабу болып шықты.

Қылмыстық істер кодексінің 3 бөлімі, 419 бабына сәйкес, көпе-көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін Дәулет Сәрсенбаев 2 жылға шартты түрде сотталды.

Приозерск қ. ІС, МЖТДБ



ОСУЖДЕН ЗА КЛЕВЕТУ

Родной брат бывшего акима Карагандинской области Бауржана Абдишева, осужденного по делу Ахметова, признался в организации так называемого "Открытого обращения финповловцев" и извинился за клевету на высокопоставленного чиновника.

Вчера в Казыбекбийском районном суде г. Караганды состоялся суд над Даулетом Сарсенбаевым, которого обвиняли в распространении так называемого «Открытого обращения финповловцев». К слову, подсудимый является братом одного из подсудимых по делу Серика Ахметова.

Напомним, осенью этого года в социальных сетях было распространено «Обращение», в котором якобы несколько сотрудников следственной группы, расследовавшей дело Ахметова, сознаются в подлоге при расследовании. Более того, организаторы этого письма указывают на ряд высокопоставленных чиновников, в том числе и на семью Нигматулиных.

Письмо оказалось подлогом – сотрудники департамента Комитета националь-

ной безопасности, проведя ряд технических экспертиз, полностью доказали несостоятельность провокации.

Что было доказано следствием? Впервые, сотрудники спецслужб изъяли ряд вещественных доказательств, в том числе и компьютер подсудимого. В нем и обнаружили оригинал «Обращения», который был создан гораздо раньше, чем распространено фальшивое письмо. Во-вторых, было опрошено более 50 свидетелей. На основе их показаний причастность Сарсенбаева к подготовке подлога была подтверждена. После нескольких очных ставок и под грузом вещественных доказательств подсудимый признался в содеянном.

–Я виноват в том, что сделал. Хочу принести извинения участникам следственной группы, Қожамжарову и семье Нигматулиных, – заявил подсудимый.

По его словам, когда шел суд по делу Ахметова, Сарсенбаев думал, как помочь своему брату – Бауржану Абдишеву. Решил, что наиболее оптимальный путь – создать общественное мнение, разместить в СМИ и социальных сетях информацию, которая могла бы повлиять на решение суда.

Согласно части 3 статьи 419 УК РК за заведомо ложный донос Даулет Сарсенбаев получил 2 года условно.

ОВП, КиРЯ г.Приозерск

БАЛАЛАРҒА ЖАҢАЖЫЛДЫҚ БАЗАРЛЫҚ

ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ШЫРША МЕРЕКЕЛЕРІ

Жаңа жыл мерекесі еліміз бойлап жыл сайын жалпыхалықтық мереке ретінде аталып өтетін болғандықтан, бұл мерекенің мектеп оқушылары үшін алатын орны ерекше екені анық. Приозерск



қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде Жаңа жыл мерекесін атап өту мақсатында арнайы 2015-жылғы 23–26-желтоқсан аралығына жұмыс жоспары жасалып, ойдағыдай жүзеге асырылды. Аяз ата, Ақша қар, ертегілер кейіпкерлері жоғары сынып оқушылары мен жас ұстаздардың қатысуымен дайындалады.

Жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылған шырша мерекесіне мектеп дәліздерін және шыршаны мерекелік безендіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа 9-11-сыныптар оқушылары тартылып, безендіру және өрнектеу жұмыстары ерекше ықыласпен атқарылды. Бастауыш сынып оқушыларына ұйымдастырылған шырша мерекесінде жүздері бал-бұл жанған бүлдіршіндер дөңгелене би билеп, шырша жырын шарықтата шырқап, қызықты ойын ойнап, ертегі кейіпкерлерімен біргелікте думанды қыздырды. Сүйікті мультфильм кейіпкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылған «Кел, Жаңа жыл, ортаға!» атты қызықты бағдарлама ата-аналар мен оқушылардың көңілінен шықты. Бастауыш сынып оқушылары мерекеді Аяз ата мен Қарша қызға өз өнерлерін көрсетіп, лайықты сыйлықтармен марапатталды және олардың бәріне Аяз аталарының арнайы сыйлықтары табысталды.

6-7-сыныптар оқушылары үшін ұйымдастырылған «Жасыл шырша жанында» атты бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне қарай

ықшамдалды. Мұнда ертегі кейіпкерлері емес, көңілді клоундар балалардың көңілін көтергені сезіліп тұрды. 8-11-сыныптар оқушылары үшін «Көгілдір от» кеші ұйымдастырылды. Бұл шараның ерекшелігі бағдарламаны бастан-аяқ «Өзін-өзі басқару» ұйымы өз жауапкершіліктеріне алуында болды. Олардың дайындауындағы қызықты ойындар, музыкалық нөмірлер кештің ажарын кіргізді. Жаңа жыл алдындағы осындай қызықты шаралар мектеп оқушыларына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, алда кіріп келетін Жаңа жыл мерекесін үлкен ықыласпен күтіп алуға ынталарын арттырды. Балалар мерекеден кейін қысқы демалысын да осындай жақсы көңілмен өткізетін болады.

Кең-байтақ Отанымыздық түкпір-түкпірінде аталып өтіп жатқан аталмыш жаңа жылдық мей-рам №2 мектепте де айрықша дайындықпен ата-лып өтті. Атап айтқанда, 2015-жылғы 22-28- желтоқсан аралығындағы Жаңа 2016-жылдың шырша мерекесін өткізу қарсаңында №2 Мектеп-бала бақша кешенінің мәжіліс залында 0-10- сынып-тарға және балабақша бүлдіршіндеріне арналған мерекелік шыршаны тойлау іс-шарасы өтті. Мерекелік кешті мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова құттықтау сөзімен ашты. Жаңа жылдық шырша мерекесін тойлау барысында түрлі көңілді шаралар, ойындар, сайыстар ұйымдастырылып, балаларды мез-мейрам етті.

Әрине, аталған мерекенің шырқау шегі – балаларға Аяз Атаның табыстаған сыйлықтары



болғаны анық. Жаңа жылды және қысқы демалыстарын асыға күткен балақайлар үйлеріне көтеріңкі көңіл-күймен қайтқан еді.

Н.Қыдырмұратұлы

ПОДАРОК ДЕТЯМ НА НОВЫЙ ГОД

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ТОЙ

Өткен жылдың 24-желтоқсанында қаламыздағы «Айналайын» бөбекжай-балабақшасында да тәрбиеленушілерге арналған жаңа жылдық шырша мерекесі болып өтті. Мерекеге сай безендірілген акт залының дәл ортасынан жасыл шырша орын алған. Залға жиналған бүлдіршіндер мен олардың ата-аналарының жүздерінен мерекелік қуаныш байқалып-ақ тұр. Бірі өмірлеріндегі алғашқы үлкен мерекені көремін деп қуанса, екіншісі балалары мен немерелерінің басқан қадамы мен қуанышына ынтығып, «тақмын қысу-



кейіпкерлері Аяз ата мен Ақшақар шығып, балалардың өнерлерін тамашалап, сыйлықтарын үлестірді. Бүлдіршіндер қой жылын шығарып салып, мешін жылын қазақ халқының дәстүрімен күтіп алды. Барлық қатысушылардың жаңа жылдан мол үміт күтетіні де айтқан тілектерінен байқалғандай.

Бір айта кетерлігі, балабақша бүлдіршіндерге арналған мерекелік сыйлықтарды өз тарапынан үлестіріп берді. Еліміздің болашағы, білім мен ғылымның тізгінін ұстар оқымысты ғалымдар, экономикамыз мен шаруашылықтарымызды дамытуға өз үлестерін қосатын болашақ үлкен мамандар болады деп сенетін бүлдіршіндеріміз бұл мерекеді жақсы ойнып-күліп, шаттыққа бөленді деген ойдамыз.

Б. Жармағамбет



да». Сәлден кейін балабақша тәрбиешілері дайындаған жаңа жыл мерекесі басталып та кетті. Ортаға ертегі кейіпкерлері шығып, балалардың көңілін көтере отырып, қызықты ертегілерден шыр шертіп жатты. Одан кейін ортаға жаңа жылдық шырша мерекесінің басты

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМУ – ҰСТАЗ ПАРЫЗЫ

Құрметті дарынды тұлғалар,
табиғат берген ерекше сыйды қастерлеп,
дамыта біліңдер.
Кемері толған кемелді ой мен білікті
білімдеріңді, өнерлеріңді туған елдің
кезегіне жаратыңдар.
Келешектің кілті өздеріңде.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев

Заманымыздың заңға жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», - деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез келген мемлекеттің мәдениеті дамуының деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір көрсеткіш – білім берудегі жүйелілік және сапалылық. Білім беру жүйесі Қазақстанның ұлттық даму саясатында белгіленген басымдық қатарында ерекше орында тұр. Білім сапасын арттырудың көзі –



оқытудың тиімді жолдарын қолдану. Ал оқушылардың білім сапасы – ұстаздардың шығармашылыққа, нәтижеге бағытталған еңбегінің нәтижесі. Ғылым мен техника қарқынды дамып отырған бүгінгі күнде оқушының даралық қасиеттерін ескеру, жеке мүмкіндігін ашу, қабілетін, дарынын дамыту, таным деңгейін арттыру әр мұғалім мен бүгінгі мектептің міндеті болып табылады. Жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысы, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік өрке-



ниеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Ал бұл орайда зиялы қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов: "Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек" - деп айтқан.

Қазіргі кезде оқушының алған білімі мен іс-әрекет түрлерін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор. Ол үшін өз бетімен жүргізілетін шығармашылық жұмысты әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға бо-

лады.

Қаламыздың дарынды оқушылары түрлі білім, білік сайысында өзгелерден оқ бойы озық шығып, соңғы бірнеше жыл бойы пәндік сайыстар, олимпиадалар, ғылыми жобалардан алдыңғы орыннан көрінуде. Осыған орай қаламызда ағымдағы жылдың 10-11 желтоқсан күндері өткізілетін республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының білімнің биік шыңын бағындырып, жарқын табыстарға қол жеткізетін дарынды жеткіншектерді тәрбиелеуге ықпалын тигізетініне сенімдіміз.

Бес кезеннен тұратын пән олимпиадасының I кезеңі; мектепшілік олимпиадаға –125 бала қатысып, II кезең; қалалық олимпиадаға 24 бала іріктелді. Білім басқармасының бұйрығына негізделіп қалалық білім бөлімінің бұйрығы негізінде ұйымдастырылды. №1 жалпы білім беретін мектепте 10-11 желтоқсан аралығында қалалық олимпиада өткізілді. Қалалық олимпиада да 9 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Қаламыздың жалпы орта білім беретін мекемелерінен қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыты бойынша облыста білімін паш етіп, бағын сынамаққа №2 мектеп-балабақша кешенінің 10-сынып оқушысы ағылшын пәнінен Гаппаров Данияр, №1 орта мектептің 10-сынып оқушысы Сейлбекова Диана, №1 орта мектептің 10-сынып оқушысы Балтабекова Зарина географиядан, 10-сынып оқушысы

Сейтенова Жадыра қазақ тілі пәнінен, 10-сынып оқушысы Әділхан Сымбат қатысуға жолдама алды. Жұл-делі оқушылар №1 жалпы білім беретін мек-тептің мәжіліс залында білім бөлімі атынан марапатталды.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Сондықтан әрбір ұстаз бұған жол бермеуі керек». Өйткені XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Сол себептен де білім сапасын арттыру, оқушылардың да-

рындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыруымыз керек. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі ұрпақ тәрбиелеу керек екенін естен шығармауымыз жөн деп білеміз.

П.Шойбекова,
Приозерск қаласы
Білім бөлімі әдіскері

ПЛАН НАЦИИ – ПУТЬ К КАЗАХСТАНСКОЙ МЕЧТЕ

Статья Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 6 января 2016 года посвящена действиям нашей страны в условиях мирового кризиса. Оно стало ответом Казахстана на глобальные вызовы. Казахстан впервые применяет упреждающую антикризисную стратегию.

Данный документ интересен каждому гражданину нашей страны. Новый программный документ формирует новые достойные условия для развития страны, экономического роста и улучшение жизни всех казахстанцев. с 1 января 2016 года вступили в силу 59 законов, которые создают принципиально новую правовую среду для развития государства, экономики и общества.

Глава государства отметил что пять институциональных реформ особенно

важны сейчас, когда казахстанская экономика испытывает сильное влияние глобальных экономических трудностей. По каждой из пяти реформ разработаны «дорожные карты» действий, чтобы воплощать их в жизнь.

«План нации - проект масштабной модернизации Казахстана» и мы уверены, что мудрая политика нашего Президента Н.А. Назарбаева и сплоченность нашего народа вселяет нам уверенность, что мы достойно преодолеем все трудности нынешнего времени и выполним все задачи поставленные Елбасы.

Дулатова Ж.Т.
Заместитель руководителя отдела
внутренней политики, культуры и
развития языков города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XLVIII – ші сессиясы 2016 жылдың 15 қаңтар күні сағат 15.00 – де өтеді.
Сессия төрағасы Е.Балтышев

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внеочередная XLVIII сессия городского маслихата будет проводиться 15 января 2016 года в 15.00 часов.
Председатель сессии Е.Балтышев

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!
MPG-BOOST™ - катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, способствующий экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).
MPG-BOOST™ способствует:
- уменьшению количества выбросов;
- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений

и увеличению срока эксплуатации свечей;
- снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения обращаться по телефону:
+7 (702) 604-02-60 (возможно приобретение пробной дозировки).

УСЛУГИ
Натяжные потолки,
быстро и качественно.
Тел. 87026988613,
Мадн

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107,
телефон: 5-50-81
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону:
8-771-699-32-89

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 01/437 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.